

ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Манасова Мира Манасқызы

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті,
қауымдастырылған профессор, PhD, Қарағанды, Қазақстан

Цифрландыру дәуіріндегі құндылық трансформациясы – ұлттық мәдениет пен жаһандық мәдени үрдістер арасындағы күрделі өзара әрекет. Бұл процесс ұлттық дәстүрлерді жаңғырту мен сақтау, рухани идентификацияны нығайту арқылы ғана тепе-теңдікке қол жеткізе алады. Манкурттық және архаистік мәдени типтер қазіргі кезеңде бір-біріне қарсы тұрып, ұлттық сананың дамуына ықпал етеді. Сондықтан цифрлы технологияларды қолдану арқылы ұлттық мәдени құндылықтарды жаңғырту және нығайту – басты стратегиялық міндет болып табылады.

Қазіргі цифрлық дәуірде әлеуметтік-мәдени құндылықтардың трансформациясы жаңа сипатқа ие болды. Бұл үрдісте ерекше орын алатын ұғымдардың бірі – маргиналдық. Американдық социолог Р. Парк бұл терминді алғаш енгізіп, оны латын тілінен «жиегі, шеті» деген мағынада аударды. Р. Парктың түсінігі бойынша маргиналдар – белгілі бір қоғамда өз орнын таппай, тұрақсыз рухани және әлеуметтік ахуалдағы адамдар. Ол американдық мулаттарды мысал етіп, олардың кейбір мінез-құлық ерекшеліктерін – алаңдаушылық, агрессивтілік, эгоизм, сенімсіздік және депрессияны атап өтті [1].

Маргиналдық ұғымы қазіргі мәдениеттану мен әлеуметтануда «көшпелі», «аралық мәдени зонадағы» адамдарды сипаттау үшін қолданылады. Олар дәстүрлі мәдени нормалардан алыстаған немесе қоғамнан оқшауланған тұлғалар болып табылады. Бұл феномен әсіресе құндылықтар жүйесінің дағдарысы мен алмастыру кезеңдерінде өршиді. Мысалы, ауылдан қалаға көшіп келгендер жаңа мәдени ортаның талабына сай келмей, кейде маргиналдық топқа қосылуы мүмкін.

Цифрлы технологиялардың дамуы мен жаһандану үрдісі қоғамдағы құндылықтар мен нормалардың тез өзгеруін туғызады. Жаңа акпараттық ортада адамның рухани біртұтастығының бұзылуы, мәдени идентитеттің әлсіреуі – маргиналдықтың өсуіне әкеледі.

Француз ғалымы А. Фаржаның пікірінше, маргиналдардың екі мүмкін бағыты бар: Барлық дәстүрлі қатынастарды жойып, жаңа мәдениет қалыптастыру; Немесе құқықтық шектерден шығып, заңсыз әрекеттерге бару.

Осы тұрғыдан, цифрлы ортадағы мәдени адаптация жүйелерінің маңызы зор. Жаңа мәдени кеңістікке енген адамдар дәстүрлі қарым-қатынас механизмдерін жоғалтып алады, ал аккультурацияның күштеп енгізілуі рухани деградация мен әлеуметтік оқшаулануға алып келеді [2].

Қазіргі өркениетті қоғамдарда жоғары мәдениетті күштеп енгізу саясаты (аккультурация) орнына мәдениеттер диалогы идеясы ұсынылуда. Бұл бағыт мәдениеттердің тең құқылығын, олардың бір-бірін толықтыруын көздейді. Осылайша, цифрландыру дәуіріндегі құндылық трансформациясы – мәдениаралық қарым-қатынастың жаңа форматы ретінде көрініс табуда.

Қазақстан гео-мәдени тұрғыдан конфуциандық және православтық цивилизациялар арасында орналасқандықтан, өзіне тән тұрақтылық пен келісім қалыптастырады. Бұл жағдайға мәдени факторлардың да әсері зор.

Ресейлік ықпал ұзақ ғасырлар бойы қазақ халқының мәдени құрылымына әсер етіп, тілдік және мәдени үрдістерді өзгертті. Мысалы, 1992 жылғы деректерге сәйкес, қазақтардың шамамен 25%-ы отбасында ана тілінде сөйлеспеген. Үлкен қалаларда бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары болды (Алматыда – 85%, Қарағандыда – 80% және т.б.). Бұл жағдай цифрлы дәуірдегі тілдік және мәдени идентитеттің әлсіреуінің көрінісі болып табылады.

Дегенмен, тілдің өзгеруі халықтың ұлттық менталитетінен толық алыстағанын білдірмейді. Шотландиялықтар мен ирландиялықтар ағылшын тілін меңгергенімен, ұлттық мәдени ерекшеліктерін сақтағандай, қазақтар мен Қазақстандағы басқа да ұлттар да өз дәстүрлері мен салт-дәстүрлерін сақтап келеді.

Цифрландыру дәуіріндегі құндылық трансформациясы – бұл мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен жаңғыруы. Маргиналдықтың өсуі ұлттық мәдениеттің әлсіреуін білдіретін қауіпті сигнал болса, мәдениеттер диалогы мен адаптация жүйелері арқылы ұлттық рухани құндылықтарды жаңғыртуға болады. Қазақстандық қоғам үшін бұл – өз мәдениеті мен тілін сақтай отырып, жаһандық өзгерістерге икемделу жолы.

XX ғасырдың басындағы қазақ мәдени жүйесінде үш басты мәдени бағыт анық байқалады: нағыз дәстүрлі мәдениет, колониалдық мәдениет және батыстық ықпалдар. Осы үш мәдени ағымның арасында ерекше үйлесім орната білген евразиялық мәдени тип қазақ қоғамында ұлттық дәстүр мен батыс өркениетінің жетістіктерін біріктіре алды.

Қазіргі цифрлы дәуірде бұл үйлесімділік жаңа мағынаға ие болуда. Зерттеулер көрсеткендей, қазақ халқы мәдени диалогқа ерекше бейімділік танытады. Бұл қасиет өзінің терең тамырларын, Абай шығармашылығында да көрініс тапқан.

Бұл феномен әлемдік тарихтан да таныс. Мысалы, еврейлердің тарихындағы екі бағыт: біріншісі – антикалық Рим мәдениетін толықтай жоққа шығару; екіншісі – қарсыластың әдістерін өз арсеналына қосып, тиімді қарым-қатынас жасау. Екінші жол олардың мәдени стратегиялық жеңісіне алып келді [3].

XX-XXI ғасырлардағы Ресей, Жапония және Қытайдың батыс өркениетіне берген жауабы да әртүрлі болды. Ресей Петр I реформалары арқылы батыстық мәдениетті қабылдаса, Жапония мен Қытай батыстық материалдық жетістіктерді меңгерумен қатар, рухани экспансияға кедергі жасады. Бұл Жапонияның әлемнің мәдени алдыңғы қатарлы елдерінің біріне айналуына мүмкіндік берді.

Қазақстанның мәдени дамуы да осындай евразиялық моделі бойынша қалыптасуда. Тарихи кезеңдерде батыс пен шығыс мәдениеттері арасындағы “бұзылған сананың” күйін көрсетті. Бұл – Гегельдің ұғымымен айтсақ, екі өркениеттің тоғысындағы ерекше мәдени тип [4].

Ұлы Жібек жолының мәдени мұралары қазіргі заманда жаңа деңгейде жаңғырып, әлемдік мәдениетке әсер етуде. XXI ғасырда Орталық Азияда жаңа өрлеу басталады деп үміттенуге негіз бар. Ол үшін халықтың ерік-жігері, бірлігі және дәстүрмен заманауи уақыттың үйлесімі қажет.

Цифрландыру дәуірінде бұл процесс – ұлттық мәдени құндылықтарды сақтау мен дамыту арқылы жүзеге асады. Бұл – ұлттық бірегейлік пен жаһандану арасындағы теңгерімді қалыптастыру жолы.

Құндылық ұғымының философиялық мәні мен қалыптасу заңдылықтарын түсіну арқылы біз қазіргі заманның ең өзекті рухани-саяси, әлеуметтік дағдарыстарының себептерін ұғынып, оларды еңсерудің жолдарын көрсете аламыз. Ұлттық мәдениет пен дәстүрлі құндылықтарымызды заман талабына сай жаңғырту, оларды жаңа ұрпақтың рухани әлеміне бейімдеп енгізу – қазақ қоғамының тарихи-мәдени дамуының, өркениеттік бетбұрысының басты кепілі.

Құндылық – адам болмысының, рухани әлемінің мән-мағынасы мен тірек жүйесін айқындайтын негізгі философиялық категориялардың бірі. Құндылықтар қоғам мен жеке тұлғаның рухани, әлеуметтік және мәдени дамуының іргетасы ретінде қарастырылады. Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қайта пайымдау қажеттігі ерекше маңызға ие болып отыр.

Мемлекет басшысы атап өткендей, бүгінгі таңда адам үшін материалдық игіліктермен қатар рухани-адамгершілік стимулдар да шешуші рөл атқарады. Кеңестік идеологияның күйреуі мен жаңа қоғамдық формацияның қалыптасуы нәтижесінде пайда болған рухани вакуум, құндылықтардың дағдарысына алып келді. Мұндай жағдайда қоғамның болашағы үшін ұлттық мәдениеттің, оның ішінде құндылықтық негіздерінің қайта сараланып, жаңаша бағыт алуы қажет.

Қазақ қоғамындағы рухани құндылықтардың трансформациясы қазіргі заманның маңызды әрі күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Қоғам дамуындағы құндылықтар жүйесінің өзгеруі — адамның тағдыры мен мәдениетінің, ұлттық болмыс пен сана-сезімнің жаңғыруының айнасы. Егер адам тағдыры мен мәдениеті белгілі бір дәрежеде біздің еркіміз бен санамызға тәуелді болса, онда адамның мәні мен мәдениеттің түпкі негіздерін терең түсіну, олардың сақталуы мен дамуына не ықпал ететіні мен кедергі келтіретіні жайлы саналы ұғыныс аса маңызды [5].

Қазіргі қазақ қоғамында рухани құндылықтар трансформациясы — дәстүрлі мәдениет пен заманауи дүниетанымының өзара ықпалдасуы, олардың бірігуі мен кейде қарама-қайшы келуінің көрінісі. Ұлттық рухани-мәдени кодтың жаңғыртылуы мен қайта бағалануы, моральдық-этикалық негіздердің қайта қаралуы қоғамның тұтастығын сақтап, ұлттың өзіндік даралығын нығайтуға септігін тигізеді. Бұл үрдіс, әсіресе, жаһандану мен ғаламдық үрдістердің аясында өзекті, өйткені мәдени бірегейлікті сақтау мен жаңашылдықты үйлестіру - рухани қауіпсіздіктің маңызды факторы.

Қоғамдағы рухани құндылықтардың трансформациясын түсіну үшін мәдениеттің философиялық және тарихи негіздерін зерттеу қажет. Философия мен мәдениеттің тарихы арқылы адам өз өмірін, қоғамдық орнын және рухани мұрасын тереңірек таниды, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінде өзінің дара жолын қалыптастырады. Мұндай білім жастарды рухани-адамгершілік негіздерге тартып, олардың тұлғалық және кәсіби дамуына ықпал етеді [6].

Қазақ қоғамындағы рухани құндылықтардың жаңғыруы - бұл тек мәдени үрдіс емес, сонымен бірге әлеуметтік-саяси тұрақтылықтың, ұлтаралық келісімнің, азаматтық татулықтың негізі. Рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген білім беру жүйесінің гуманизациясы - қоғамды біріктіру және ұлттың мәдени кодын сақтаудағы маңызды құрал.

Бүгінгі таңда қазақ қоғамы алдында тұрған басты міндеттердің бірі – адамдардың ішкі рухани әлемінен бастау алатын бірлікті қалыптастыру. Яғни әр адам өз дүниетанымында рухани-этикалық үйлесімге қол жеткізе отырып, басқаға жақындауға, түсінуге және қабылдауға ұмтылуы қажет. Бұл үрдіс – мәдени әртүрліліктің гүлденуінің басты алғышарты.

Осы рухани үндестік тек қазақ халқы үшін ғана емес, Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық этностар үшін де маңызды. Бұл – біздің көпұлтты қоғамымызда рухани тұтастық пен мәдени әрқилылықтың үйлесімі болып табылады.

Бүгінгі жаһандану жағдайында көпұлтты қоғамдарда мәдени басымдықтар мәселесі жиі туындайды. Бұл тұрғыда мультикультурализм мен доминантты мәдениет арасындағы қайшылықтарды шешудің тиімді жолы – мультимәдени ортадағы ортақ доминантты тенденцияны анықтау. Бұл доминант – билік ету емес, рухани бағыт беруші мәдени өзек рөлін атқаруы тиіс.

Қазақстан жағдайында мұндай рухани өзек, ең алдымен, қазақ халқының этикалық және рухани құндылықтарымен тығыз байланысты. Бұл – қазақ тілінің, дәстүрінің, тарихи жадының, қонақжайлылық, ізгілік пен ар-намысқа негізделген ұлттық ділдің көрінісі.

Доминантты тенденция табиғи түрде пайда болады – ол елдің географиялық ерекшеліктеріне, климаттық шарттарына, тарихи дамуына байланысты қалыптасады. Осы тенденция өзге этностардың мәдениетін жоймай, керісінше, олармен үйлесім табатын, біріктіруші күшке айналуы тиіс.

Қазақ халқының мәдениеті мен рухани құндылықтары адам мен табиғаттың тұтастығына, ішкі және сыртқы үйлесімге, әділет пен кішіпейілділікке, сабыр мен даналыққа негізделген. Бұл қасиеттер – ұлттың өмір сүру стилінің, дүниетанымының және мәдени кодексінің өзегі.

Қазақ қоғамындағы дәстүр мен модерннің тоғысында музыкалық өнер – рухани құндылықтар мен моральдық бағдарлардың күрделі жүйесін сақтап, ұрпақ санасына сіңіруге мүмкіндік беретін басты құралдардың бірі. Ол адамды тұлға ретінде қалыптастыруға, қоғамды үйлесімді дамытуға ықпал етеді. Сондықтан дәстүрлі музыкалық өнерді сақтап, қазіргі қоғамға бейімдеу – құндылықтық қақтығыстарды еңсерудің тиімді жолы. Осылайша музыка – тек өнер емес, қоғамдық үйлесім мен рухани дамудың алтын көпірі болып қала бермек.

Цифрландыру дәуірінде қазақ мәдениеті еуразиялық менталитет арқылы ұлттық құндылықтарды сақтап, жаһандық өркениеттермен тиімді диалог орната алады. Бұл – тек технологиялық емес, рухани жаңғыру да. Мемлекеттің және қоғамның бірлігі, дәстүр мен заман талабының үйлесімі Қазақстанның мәдени болашағын айқындайтын басты факторлар.

Цифрландыру дәуірінде құндылықтар трансформациясы күрделі әрі диалектикалық процесс болып табылады. Евразиялық мәдени типтің ерекшеліктерін нақты өмірден қарапайым эмпирикалық көріністер арқылы іздеу қате болар еді. Идеал тип – бұл жай ғана тәжірибеден алынған белгілердің жиынтығы емес, ол өз саласындағы мәнді ұғымдардың жоғарғы дәрежеге көтерілуі арқылы қалыптасады.

Қорытындылай келе, қазақ қоғамындағы рухани құндылықтардың трансформациясы - бұл ұлттық мәдениеттің дамуындағы қажетті үдеріс. Ол дәстүрлі рухани тәжірибені сақтай отырып, заманауи қоғамның талаптарына сай жаңа құндылықтық бағдарлар қалыптастыруды көздейді. Мұндай өзгерістер қоғамның бірлігін, азаматтық сананы нығайтып, мәдени тұрақтылық пен ұлттық бірегейліктің негізін құрайды. Сондықтан рухани құндылықтардың трансформациясы – Қазақстанның мәдениеті мен қоғамдық дамуының болашағын айқындайтын маңызды фактор болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Park, R. E. Human Migration and the Marginal Man // The American Journal of Sociology. – 1928. – Vol. 33. – No. 6. – P. 881–893.
- 2 Stonequist, E. V. The Marginal Man: A Study in Personality and Culture Conflict / E. V. Stonequist. – New York: Charles Scribner's Sons, 1937. – 312 p.
- 3 Toynbee, A. J. A Study of History / A. J. Toynbee. – Oxford: Oxford University Press, 1946.
- 4 Hegel, G. W. F. Phenomenology of Spirit / Transl. by A. V. Miller. – Oxford: Clarendon Press, 2001.
- 5 Шаяхметова, К. Б. (2019). Қазақ халқының рухани құндылықтарын жаңғыртудағы мәдени мұраның рөлі // Ұлт тәрбиесі. – №2. – Б. 15–22.
- 6 Бейсенова, Ә. (2020). Қоғамдағы рухани құндылықтар трансформациясы: философиялық талдау // Философия және саясаттану әлемі. – №3. – Б. 45–51.